

Қ.З. Халықов  
Б. Оразайқызы

# ТЕХНОЛОГИЯ



10

Қ.З. Халықов, Б. Оразайқызы

# ТЕХНОЛОГИЯ

10-сынып

*Оқу-өдістемелік құрал*



Алматы  
“Жазушы”  
2006.

**ББК 85.12.я72**

**X 17**

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым  
министрлігі ұсынған*

**Халықов Қ.З., Оразайқызы Б.**

**X 17** **Технология.** Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқу әдістемелік құрал.— Алматы: Жазушы, 2006.— 232 бет.

ISBN 9965-815-05-4

**ББК 85.12.я72**

**X**  $\frac{4904000000-31}{402 (05)-06}$

ISBN 9965-815-05-4

© Қ.З. Халықов  
Б. Оразайқызы, 2006  
© “Жазушы” баспасы, 2006

## I БӨЛІМ

### **“КӨРКЕМ СӘНДІК-ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕР” курсы**

Айнала қоршаған дүниеге эстетикалық талғамды қалыптастыруға септігін тигізіп, оқушыларды көркем шығарманы толық мәнді түйсіне білуге тәрбиелейтін сабақтардың бірі — “Көркем сәндік-қолданбалы өнер” курсы. Көркем-өнерді жобалағанда сол табиғи ортадан алған әсерін, көркін бүгінгі өнерде көрсете білу, көркемдіктің тарихи құрылымының заңдылықтарымен танысу бұл курстың негізгі мақсаты болып табылады. Сондай-ақ, жобаның және сызықтық өлшемнің орындалу мүмкіндігі, олардың техникалық және эстетикалық бастамалары туралы мағлұмат беріледі. Себебі, осы көркем сәндік-қолданбалы өнер сабағында ғана оқушылар сәндік-қолданбалы өнердің тарихи және теориялық даму үрдісі жөнінде тереңрек білім алып, көркем шығарманы талдауға және ол туралы өз пікірін сауатты жеткізе білуге үйренеді.

“Көркем сәндік-қолданбалы өнер” пәнінің міндеті сәндік-қолданбалы өнерінің тарихи даму сатыларымен таныстыру, өнер шығармасының көркемдік мүмкіндіктері жөнінде мағлұматтар беріп, осы көркем образды жасаушы шебер және сол кезең жөніндегі түсінікті тереңдету болып табылады. Оның үстіне осы көркем образ жөніндегі түсінікті белгілі бір шолақтау тезистік ойдың иллюстрациясына айналдырмай, оның өміршендігін арттыру, эстетикалық толғанысын байыту оқытушының міндеті. Оқытушы жеке шығарманы бөлек алып, оның жазылу тарихын суретшілердің өмірбаянымен ғана байланыстырып сөйлегеннен гөрі, стильдік бағыттарға, ұлттық мектептерге, жеке қолтаңбалар арасындағы сипаттық ерекшеліктерге салыстырмалы талдаулар жасаса, жақсы нәтижелер беретіні сөзсіз.

Осы кезге дейін біз “Көркем сәндік-қолданбалы өнер” пәндері бойынша жұмыс бағдарламаларын құрастырған уақытта хронологиялық тәртіпті ғана қатаң түрде басшылыққа алып келген едік. Яғни өнер тарихын тік сызық бойымен өрбитін тарихи саты ретінде бағалап, осы тік сызық бойында кездесетін көлбеу мәселелерге мән бермеген болатынбыз. Бұл жерде көлбеу мәселелер дегеніміз — әр кезеңнің өзіне ғана тән сипаттық ерекшеліктерін айқындайтын теориялық мәселелер, көркем мектептердің өзіндік келбетін сипаттайтын ерекшеліктер, олардың бір-біріне әсері мен қақтығыстары, айырмашылықтары, бір тарихи деңгейде пайда болған ұлттық мектептердің географиялық, тарихи, әлеуметтік және дүниетанымдық белгілеріне байланысты өзгешеліктері.

“Көркем сәндік-қолданбалы өнер” бағдарламасында қарастырылатын негізгі ұстанымдарды заман талаптарына сәйкестендіру оның көкейкестілігін анықтайды. Оқушылардың білімін жетілдіріп, ақыл-ой санасын дамытуға игі әсер етумен бірге, өнердегі басты мақсаттардың бірі — көңіл-күй мен сезім тереңдігін дамытудағы, яғни эмоционалды тәжірибені арттырудағы қосатын үлесіне, рухани мәдениетімізді меңгеруге, адамгершілік және көркемдік тәрбиенің тиімді жолын ашуға табиғи жағдай тудыру. Қазіргі кезеңде жеткіншек ұрпақтың бойында сезім тереңдігі мен талғампаздық деңгейі төмен болып отыр. Ол әрбір сынып оқушыларының көркем шығармаларды дұрыс қарастыра білмеуінен және олардың өнер шығармасына ешқандай қатысы жоқ, сырты жылтыр нәрселерге әуестенушілігінен көрінеді. Курс көркем сәндік-қолданбалы өнеріне тән ерекшеліктер мен дәстүрлі өнердің өзіндік табиғатына тән маңызды айырмашылықтарды анықтауға бағытталған. Сонымен бірге бұл қазақ мәдениетін әлемдік мәдениетпен бірлікте қарастыруға ұмтылыс.

Біз ұсынып отырған оқыту үрдісінің жаңашылдылығын көркем шығарманың табиғатын, технологиялық мүмкіндіктерін және образдық тілін тұтас бірлікте қарастыру анықтайды.

Жеке адамның шығармашылық қабілетін, суреткерлік қиялын, эмоционалды түйсіне білу қасиетін арттыруда проблемалы жағдайлар тудыру; өз бетінше ойлай білу; көркем шығармаға, құбылыстар мен бағыттарға салыстыр-

малы талдаулар жасай білуге үйрету педагогикалық үрдістің біртұтастылығы мен жүйелілігін құрайды. Оқытудың басты ұстанымдары: реалистік шығармалармен шектелмеу, мұнда рационалды ой-сана ғана емес, иррационалды-интуитивті бастаулар да кеңірек қамтылатын сюжетсіз шығармаларға тең орын беріледі; форманың мазмұнын айқындаудағы негізгі жетекші рөліне көңіл бөлу; қолөнері, ою-өрнек, ежелгі сәулет өнерінің көркемдік түзілімін тану және қабылдау барысында дәстүрлі ой-сананы меңгерудің маңыздылығын ескеру.

Жалпы әлемдік мәдениеттегі бейнелеу өнерін алып қарастыратын болсақ, ХІХ ғасырдың соңына дейінгі бейнелеу өнерін “классикалық түрдегі реалистік өнер” деп айта аламыз. Олай дейтініміз бейнелеу өнері Иран, Жапон, Қытай, Үнді, т.б. елдердің өнерінде және Батыс Еуропадағы алғашқы қауымдық кезеңнен бастап, Ежелгі Шумер, Мысыр, Грекия, Рим, Қайта өркендеу дәуірі, Жаңа кезең өнеріндегі классицизм, барокко, рококо, академизм, романтизм, импрессионизм, постимпрессионизм стилі мен көркемдік бағыттарында реализмнің әр түрлі құбылыстық көріністері байқалды және олардың бәрін жалпы алғанда классикалық өнердегі көркем түзілімдік ұстанымдар айқындайды деп тұжырымдай аламыз. Бұл жағдайда кең мағынасындағы классикалық реалистік өнер мен тар мағынасында қолданылатын классицизм түсінігі арасындағы айырмашылық сақталып қалады.

Әңгіме бейнелеу өнері, соның ішінде живопись, графика және мүсін өнері жөнінде болып отыр. Қалай болғанда да ХХ ғасырға дейінгі Батыс Еуропа бейнелеу өнері нұсқаны, яғни шындықты тікелей бейнеледі. Әрине, ол шындықтың көріну, жазылу, сомдалу формалары әр түрлі болды. Осы әртүрлілік “өнер” деген ұғымға тікелей қатысты. Өнердің өзі сәл-пәл рендерден тұрады. Онда қайталаулар болмауға тиіс.

Өнер — рухани-мәдени саланың, эстетикалық көзқарастың, философиялық танымның шығу көзі және көрініс объектісі. Сондықтан оның құндылықтарының бағалануы, оған айтылатын сыни көзқарасқа, әлеуметтік сұраныс талап-тілектерге, қоғамдық не индивидуальді позицияға байланысты айқындалады. Онымен қоғамның рухани-мәдени жетістіктері де байланысты. Бұлар көркемдік бағамен ғана шектеліп, пассивті қызмет атқармайды. Ол суретшінің көр-

кемдік іс-әрекетіне де тікелей әсерін тигізеді. Сонда көркемөнер ізденіс-әрекеттері мен көркем образды түйсіну мүмкіндіктеріне рухани, мәдени, тарихи, табиғи, гносеологиялық, психологиялық және әлеуметтік алғышарттар рухани тұғыр қызметін атқарады екен.

Сонымен бірге көркем сәндік-қолданбалы өнері — индивидуальді өнер. Ондағы бейнені жеке адам сомдайды. Сондықтан оның жеке адамның табиғи дарындылығымен, рухани-мәдени болмысымен, көркем-эстетикалық, философиялық көзқарасымен байланысты екендігін айтуымыз керек. Реалистік өнердің өзінің арасындағы айырмашылықтар да осыларға байланысты айқындалады. Бірақ, жалпы алғанда, осы ерекшеліктерге қарамастан, ХХ ғасырға дейінгі бейнелеу өнері өзінің реалистік нышандарын сақтап қалды.

.Қазіргі заман талабына сай өнер тарихы мен пәнінде қамтылатын теориялық алғышарттар мынадай көкейкесті объективті жағдайларға сүйенеді деп тұжырымдай аламыз:

- әлемдік мәдениет аясында қалыптасқан жеке ұлттық мектептерді сонылық тұрғысынан бағалап, олардың әрбіріндегі тұрақтанған нақыш үлгілерін түсіну, ұғу, меңгеру қазірге дейін етек алып келген еуроцентристік сыңаржақтылықтан құтылуға жағдай жасайды;

- кеңістіктік пластикалы өнердің алдымен қазақтың, одан кейін әлемдік бейнелеу өнеріне қатысты тұрақты нақыштық үлгілерінің көркемдік критерийлері мен құндылық заңдылықтарын шындыққа және оның көркемдік уақыт пен кеңістікке қатысты жіктеп ажырату арқылы категориялық белгі келбеттерін, әрі өзгеріс траекториясын анықтау; ол үшін бейнелеу өнерінің өткені, қазіргісі және болашағы арасындағы тарихи және табиғи эволюцияны, болмай қоймайтын сапалық өзгерістер ретінде қарастыра отырып, тамыры терең бойлаған “өмір ағашынан” нәр алатын құнарлы топырақты бұрынғы мен қазіргі арасына тартылған дәнекер жіп деп есептесек, рухани бастау ретінде ол шығармашылық іс-әрекетпен және теориялық таныммен шұғылданушы қауым үшін көкейкесті мәселе болып табылады;

- қазіргі Қазақстан жағдайында өнер туындылары көрмелер мен мұражайларға арналған рухани ғана сұраныс болудан қалып, ол әрі тауар ретінде көпшілік пен жеке

адамдардың материалдық құндылығына да айналған кезде олардың мәдени деңгейін көтеру, талғамына әсер ету, сезімін тәрбиелеу бүгінгі күн талабы;

- осы міндеттерді шешу барысында еуропалық классикалық бейнелеу өнері мен дәстүрлі шығармашылыққа байланысты бейненің тұрақты нақыштық белгілерінің “модельдік теориясын” жасау және социалистік реализмнің тұрақты көркемдік критерийлерін анықтап, оның қазақ өнеріне жасаған сапалық өзгеріс белгілерін мойындай отырып, дәстүрлі өнер мен жаңа мәдениет арасындағы байқалған өзара ішкі қақтығыстарына, орын алған қайшылықтарына, оның кеңістік бойлығындағы тарихи эволюциялық дамуына объективті түрде баға беру, осы арқылы дәстүрлі өнердің табиғи сипатын сақтап қалу және Қазақстан бейнелеу өнері үшін “оптимальді” позицияны анықтау қазіргі таңдағы көкейкесті мәселе болып отыр;

- Қазақстан суретшілері дәстүрлі дүниетанымды да, мұсылмандық мәдениетпен бірге сіңген рухани болмысты да аттап өте алмайды; ол суретшілердің, шеберлердің, сәулетшілердің көркемдік проблемаларды шешу әдістерінен, образдық белгі ретінде ұсынылған идеяларынан, нақыштарынан, пластикалық түзілім шешімдерінен, бояу түсіне жасалған акценттерінен, баяндау тілі мен образдың жалпы сомдалу сипатынан және оның оқылу ерекшелігінен көрінетіндігі сөзсіз; осылардың философиялық тұрғыдан теориялық және әдіснамалық негіздемелерін жасау қазіргі таңдағы өзекті мәселе болып табылады.

Әрине, біздің назарымыздағы басты мақсат — бейнелеу өнерінің қазіргі кездегі көрінісі, оның өткені мен болашақтағы келбетіне болжам боларлықтай даму өзегін айқындау. Осыған байланысты Қазақстан мәдениетінің алдында екі іргелі міндет тұр: қазақы мәдениеттің өзіндік келбетін сақтап қалу және көркемдік кеңістік пен уақыт ырғағында қалыптасқан тұрақты нақыштардың негізінде оның даму сапасына игі әсер ету.

Сондықтан біз уақытқа байланысты оның өзгеріс сапасын дамытқанда Тас дәуіріндегі суреттік белгілерге көңіл бөлеміз. Ұлттық нақыштың тұрақтанып үлгіленуі осы кезден басталады. Одан кейін қазақ өнері үшін дәстүрлі мәдениет ретінде жалғасқан халықтық шығармашылық үлгілерінің ұлттық белгілері ғасырлар бойы жетіліп, XX



ғасырдың басына дейін шындалып келді. Қазіргі кездегі Қазақстан бейнелеу өнерінің сипаттық ерекшелігіне өзгеріс енгізіп, кәсіби өнердің жаңа сапалық белгілерін қалыптастырған өнер социалистік реализмнің өдістемелік негіздері болды. Осының өзі — айналып өтуге мүмкін болмайтын тарихымыз. Ол дәстүрлі халықтық сана-сезімге сапалы өзгерістер жасап, нақыш пен сурет қатынасындағы жаңа қасиеттерді анықтады.

Бұл бір ғана кеңістік ауқымында байқалған уақыт ырғағындағы өзгерістер еді. Дегенмен, халық өнерін хронологиялық тәртіпке бағындыруға келе бермейтінін айтуымыз керек. Оның көркемдік тұрақты нақыштары қадым заманда қалыптасып, белгілі бір әлеуметтік-саяси және мәдени жағдайлардағы өзгерістерге байланысты ол өнерде жаңа сапалы реңдер пайда болып, ілкі өнер кейін соны қырынан көрінуі мүмкін. Соған қарамастан, бұтақтарын айналасына кең жайып, уақыт өткен сайын толығырақ түскен діншек секілді, ол бір тамырдан қоректенетіндігі даусыз.

Осы жағдайда теориялық алғышарттардың мақсат-міндеттерін айқындау барысында нақыш пен суреттің (форма мен образдың), біріншіден, көркемдік кеңістікке қатынасын; екіншіден, көркемдік уақытқа қатынасын; үшіншіден, көркемдік кеңістік пен уақыт ырғағындағы<sup>1</sup> дүниетанымдық үрдістегі адамның ойлау бағытын аңғаруымыз керек.

Берілген мақсатты шешу барысында мынадай міндеттер қойылады: а) кеңістіктік пластикалы өнердің алдымен қазақтың, одан кейін әлемдік бейнелеу өнеріне қатысты тұрақты нақыш белгілерін және оның уақытқа байланысты өзгеріс аясын анықтау; ә) нақыш пен суреттің көркемдік критерийлері мен құндылық заңдылықтарын шындыққа және көркемдік кеңістік пен уақытқа қатысты жіктеп ажырату арқылы философиялық тұрғыдан оның категориялық белгі келбеттерін анықтау; б) нақыш пен суреттің тұрақты нақыш үлгілерінің көріну формаларының даму өрісін анықтау. Бейненің түрлі формалары арасындағы мәнді айырмашылықтарды ескере отырып, оған деген филосо-

---

<sup>1</sup> Сөз кеңістік пен уақыт ырғағы жөнінде болған кезде мәдениет философиясы мен эстетика саласында ежелден келе жатқан категориялардың бірі ырғақтың негізінде салыстырмалы түрде алғанда тұрақты және канондық сипатқа ие қайталаулар жататыны белгілі.

фиялық қатынасымызды орнату; в) осы міндеттерді шешу барысында еуропалық классикалық бейнелеу өнері мен дәстүрлі шығармашылыққа байланысты тұрақты нақыштың қалыптасу белгілерінің “модельдік теориясын” жасау; г) социалистік реализмнің тұрақты нақыш критерийлерін анықтап және оның қазақ өнеріне жасаған сапалық өзгеріс белгілерін мойындай отырып, дәстүрлі өнер мен жаңа мәдениет арасындағы байқалған өзара ішкі қақтығыстарына, орын алған қайшылықтарына, оның кеңістік бойлығындағы тарихи эволюциялық дамуына объективті түрде баға беруге және осы арқылы Қазақстан бейнелеу өнері үшін “оптимальді” позицияны анықтауға тырысу; ғ) қазіргі таңдағы бейнелеу өнерінің нақыш пен суретке (форма мен образға) қатысты жіктелу белгілерінің теориялық негіздемелерін анықтау; д) ол үшін бейнелеу өнерінің өткені, қазіргісі және болашағы арасындағы тарихи және табиғи эволюцияны, болмай қоймайтын сапалық өзгерістерді мойындай отырып, тамыры терең бойлаған “өмір ағашынан” нәр алатын құнарлы топырақты бұрынғы мен қазіргі арасына тартылған дәнекер жіп деп есептеп, оның рухани бастау ретіндегі әсер-ықпалын айқындау.

Осы мәселелерді шешу барысында біз халықтың дәстүрлі тұрмысында кездесетін тұрақты салт-жораларда қалыптасқан образды үлгілерді жіктеумен бірге, ислам діні мен оған дейінгі көшпенділер дүниетанымымен біте қайнасып кеткен Көкке, ата-бабалар аруағына, жерге, малға, қоршаған ортаға, Күнге, Айға, жұлдыздарға байланысты наным-сенімдеріндегі рухани болмыстың жүйелі құрылымына талдау жасауға ұмтылды.

Қазақтардың ілкі кезеңдердегі рухани дүниесі ислам дінімен үйлесімін тауып, көркем кеңістіктік-уақыттық ырғақта болмысы түгел дерлік сақталып, семантикалық сипаты ғана ішінара өзгерістерге ұшыраса, мұсылмандық мәдениет те тұтасымен алғанда халқымыздың санасына сапалы өзгерістер енгізіп, кейін жаңа тарихи жәдігерлердің қалыптасуына жағдай жасады.

Қазіргі Қазақстан суретшілері дәстүрлі дүниетанымды да, мұсылмандық мәдениетпен бірге сіңген рухани болмысты да аттап өте алмайды. Ол суретшілердің, шеберлердің, сәулетшілердің көркемдік проблемаларды шешу әдістерінен, образдық белгі ретінде ұсынылған идеялары-

нан, нақыштарынан, пластикалық түзілім шешімдерінен, бояу түсіне жасалған акценттерінен, баяндау тілі мен образдың жалпы сомдалу сипатынан және оның оқылу ерекшелігінен көрінеді.

Қазіргі кезеңдегі әлеуметтік жағдайлар өзгеріске ұшырап, мәдени ақпараттық алмасулар мен өзара әсер қатынастарының күшейіп, өнер тек қана рухани сұраныс болудан қалып, ол тауар ретінде де жұмыс істей бастаған кезде және оған деген сұраныс критерийінің көпшілікке, жеке адамдарға, базар талғамына, көрмелер мен мұражайларға арналған түрлі талап-тілектерін қанағаттандырып отырған шақта біздің бағалау критерийлеріміз, бейнелеу өнеріне ғана емес, дәстүрлі халықтық шығармашылыққа қалыптасқан көзқарасымыз өзгерді. Дәстүрлі өнерге деген көзқарасты бағытталған позициялық қатынас анықтайтындай өзгерістер байқалды:

— біріншіден, дәстүрлі өнерге бейнелеу өнері өз әсерін тигізетіндігі сөзсіз. Бұл жағдайда қолөнері, соның ішінде ою-өрнек еш нәрсені бейнелемесе де, бейнелеу өнерінде жетекші рөл атқаратын реңдік қатынастардың көркемдік критерий ретінде көрінуі және оның жарық-көлеңкелік пен бояу түстерінің өзара өте нәзік алмасуларында шешілуі, кейде жетекші рөл жеке немесе күрделі композициялық бейнелерге берілуі, суреттің элемент ретінде пайдалануы дәстүрлі өнерді монументті графикаға, живописке немесе мүсін өнеріне жақындатады;

— екіншіден, халықтық өнерге деген сыртқы әсердің күштілігіне қарамастан, ол өзінің тұрақты және синкретті сипатын сақтап қалуға ұмтылады. Бұл жағдайға сырмақ пен текеметке немесе алашаға салынатын ою-өрнекті шатастыруға ешқандай мүмкіндік жоқ. Әрқайсысы өз қызметтерін орындап, көркемдік ерекшеліктеріне байланысты шешіледі;

— үшіншіден, дәстүрлі өнерді әлем бейнесі ретінде анықтайтын бейненің тұрақты нақыштарына тоқталамыз. Сонымен бірге дәстүрлі өнер, көбіне, халықтық шығармашылықтан, дүниетанымдық көзқараспен бірлікте қарастырылатындықтан, оны әлемнің ұлттық бейнесі деп айтуымызға болады. Бұл жағдайда ондағы форма, бояу түсі тұрақты мазмұндық мәнге ие және форма белгілі бір рә-

мізді мағынамен байланысты болады. Сондықтан ол терең философиялық талдаулар арқылы оқылады;

— төртіншіден, дәстүрлі өнер сән, әшекей, декор қызметін атқаруы мүмкін. Мұндай жағдайда екіін оның синтездік қасиетіне жасалып, ол сәулеттік ғимараттың, дизайндік түзілімнің, адам киімінің бір элементі ретінде көрінеді;

— бесіншіден, дәстүрлі өнер өзінің тұрақты табиғи оқылуынан бас тартып, қолөнері немесе дәстүрлі архитектура ретінде емес, өз алдына соны композиция құрап, жеке өнер шығармасы ретінде ұсынылуы мүмкін. Оған абстракциялық живописке, графикаға немесе мүсінге ұқсас варианттарда шешілген киізден басылған, шиден тоқылған, күмістен сомдалған бұйымдар мысал бола алады. Бұл жағдайда да осындай дәстүрлі өнердің оқылуы бейнелеу өнеріне жақындайды;

— алтыншыдан, дәстүрлі өнердің белгі ретіндегі көрінісі тек қана ою-өрнектің немесе қолөнерінің, соның ішінде, мысалы зергерлік өнердің, бірден-бір анықтаушы болудан қалды. Себебі соңғы жылдары бейнелеу өнері де белгі ретінде қарастырылып, форманың тұрақты мазмұндық мәні арқылы оқылатын болып жүр.

Қазір, бір жағынан, живопистік композициялар жазу барысында табиғи материалдар тікелей өзгеріссіз қолданылатынын байқасақ, екінші жағынан, дәстүрлі өнер түрлерінің көркемдік қасиет белгілерін айқындауда бейнелеу өнерінің мәнерлі құрал-тәсілдері арқылы шешу тәжірибесі жиі байқалатынын көріп жүрміз. Мұндай ерекшеліктер, әсіресе, текеметтің композициялық нақышты сипатының жаңаша шешімдерінен жақсы байқалады. Бұл өнерді біржақты міндеттермен шектемей, керісінше материал мен фактураның бай мүмкіндіктері арқылы соны композициялар сомдауға жағдай жасайды.

Ескере кететін жағдай осындай сонылықтар үлкен мәдени тәжірибеге сүйеніп, суретшінің немесе шебердің өзі ғана ұштай алатындай нәзік реңдермен әрі қарай дамытылған кезде ғана суреткердің ешкіммен шатастырмайтын өз дүниесі ашылады. Әрине, мұның өзі де әр уақыт жетілдіріп отыруды қажет етеді. Өйтпеген жағдайда қайталаулар басталады.

Кез келген композиция немесе қолтаңба үйреншікті сарынға түсіп, шаблонға айналса, көрермен оған деген қызығушылығын жоя бастайды. Оның денесі үйреніп, көркемдік стиль суретші үшін де, оны қабылдаушы үшін де таптаурын (стереотипті) сипат алады. Сондықтан суретшінің қатып қалған заңдылықтармен шектеліп, бір орында тұруына, жаттанды сөйлеуіне мүмкіндігі жоқ. Осыған қарап бейнелеу өнері мен дәстүрлі өнерге деген критерий түгел өзгерді, ол индивидуальді қалып алды немесе оның сұранысын тек қана тапсырыс анықтады деп айта алмаймыз. Тапсырыс немесе табиғи сұраныстар қаншалықты шешуші рөл атқарғанымен дәстүрлі өнердің де, реалистік нақыштардың да табиғи сипаттық ерекшеліктеріне деген жалпы көркемдік қағидалар мен талап-тілектер сақталып қалады, өзгеріс олардың образды белгілеріне байланысты ғана жүріп отырады.

Қазақтың халықтық қолөнерінің сипатын түсіну үшін мифологиялық сана мен діни дүниетанымдық көзқарастың бар екенін ескеруіміз керек. Дүниетаным, дүниеге көзқарас дегеніміз — айнала қоршаған орта, бүкіл өлем, тұтас дүние туралы, ондағы адамның орны, тіршіліктің мән-мағынасы туралы көзқарастардың, пікірлер мен түсініктердің жиынтығы. Дүниеге көзқарас та — адаммен бірге пайда болған қоғамдық тарихи құбылыс.

Адамның кәсіби еңбекпен айналысуына не себеп болды? Қолөнершілер қай кезде пайда болды және ондай кәсіппен алғаш кімдер айналысты деген сұрақтар туады. Қолөнершілерінің өмірдегі айналысқан кәсібiнiң, саналы өркетiнiң мөнi неде? Біздің ойымызша қолөнердің адами мақсаттарға, оның өмірлік мәнімен ұштастырылғандығына, рухани талап-тілегіне құрылғандығында дау жоқ. Сонда, адам атаулының өнерге, мәдениетке байланысты тарихы адам жаратылғалы бері оның санасы, ақыл-ойы, дүниеге деген көзқарасы, өлемді тануы, өсерленуі, барлық оның қасиеттері айна-қатесіз бедерленіп, бар тіршілік-тынысы, мұраты бейнеленгендей.

Қазақ халқының қолөнері деп халық тұрмысында жиі қолданылатын бастыру, қалыптау, құрастыру, қашау, өру, тігу, тоқу, бейнелеу, түрлендіру сияқты шығармашылық өнер жиынтығын айтады. Халықтық қолөнері бұйымдарының бір тобы үй іші мүлік жабдықтары болса, екінші тобы —

көшу-қону, жол-жорық, қару-жарақ жабдықтары. Халық шеберлері кілем, алаша тоқу, киіз басу, сырмақ бастыру, киім тігуден басқа тас қашау, ағаш ию, сүйек ою, мүйіз балқыту, темірді өңдеп, өрнектеу сияқты ауыр кәсіппен де шұғылданды. Яғни тастан, балшықтан, сүйек пен мүйізден, металл мен ағаштан бұйымдар жасап, оны әсемдеуді еркектер атқарады. Ал, кесте тігу, өрмек тоқу, ши орау, киіз бастыру, сырмақ сыру, оюлау (түрлендіру), шілтер шалу, тері киім тігу сияқты жұмыстарды, негізінен, әйелдер жасайды.

Қолөнері бұйымдарының ішінде ерекше көркем, сәнділікпен байланысты өнердің түрі — зергерлік өнер. Ондай бұйымдарды жасаумен шұғылданатын адамды “ұста”, “дархан”, “шебер” деп атайды. Халық аузында ұсталық Дәуіт пайғамбардан қалды деген сияқты сөздер бар. Мұндай өнердің құрал-аспабын ұстаған адамдардың иесі, киесі болады делініп, халық арасында құрмет көрсетіліп, қадірленеді. Бұрынғы кезде зергерлік бұйымдардың көпшілігіне дұғалық қасиет берілген. “Ол қасиеттердің екі түрлі мәндік мағынасы болды. Бірінші жағдайда, зергерлік бұйымдардың жеке элементтері мен композициясының біртұтас түзілімі дүние құрылымы жөніндегі түсінікпен байланысты болды. Оған Есік обасынан табылған “алтын жауынгер-көсемнің” киімі мен қару-жарақтарының композициялық шешімі мысал бола алады. Оның *космостық мағынасы* жөнінде көптеген ғылыми зерттеулерде жазылды. Зергерлік бұйымдардағы *дұғалық қасиеттің* екінші мағынасын, *ол адамды пәле-жала, қауіп-қатерден сақтайды және адамның іс — әрекетінің сәттілігіне игі әсерін тигізеді* деп түсінген. Осы сенімдер зергерлік бұйымдардың пішіндік кескініне, түзілімінің анық және жинақы болуына көркем образдық шешімнің біртұтастылығын анықтайды.

Қазақстанның дәстүрлі халықтық және қазіргі сәндік-қолданбалы өнерлерінің арасында тікелей әрі табиғи байланыс барлығы бүгінгі рухани өмірімізден орын алған үдеріс болып табылады. Шынында, қазіргі уақытта көптеген суреткерлер халық өнерінен бастау алып, білім мен технологиялық тәсілдерді жаңғыртты. Дәстүрлі өнер мұрағаттары болып табылатын сәулет жәдігерлері мен сақтардың “даналық өрнегі” стиліндегі алтын пластиналар, таңбалы тастағы суреттер мен киіз үй жабдықтары, тұрмыс-салт

бұйымдары шығармашылықпен айналысқан әрбір суретші және зергерлермен топшыланып, өз тәжірибелерінде қайта жаңғыртыла, сәндік өнердің бүгінгі түрлерін түзіп отыр. Халық шығармашылығындағы көркемөнер стилі мен технологиясы ғасырлар бойы сұрыпталып, ондағы эстетикалық талғамдары мен жасалған бұйымдардың қолданбалылығы тұрмыстық қажеттілікпен біріге қайнасқан. Қалыптасқан дәстүрдің өмір салтымен ұштасып, өлі күнге дейін жалғасып келе жатқандығы ғажап іс. Ол кәсіби шұғылданған шеберлер өнерінде бүгінде көркем идеяларымен толысып еркіндікпен іске асуда, шексіз мүмкіндіктер әкелуде. Қазақстанның сәндік қолданбалы өнерінде жарты ғасырға жетпес уақытта зергерлік өнер, гобелен, кесте, керамика, ағаш, металл, сүйек, тері, киіз өңдеу және т.б. архитектуралық-пластикалық өнер түрлерінде көркемдік деңгейі үлкен биіктерден көрініс тапты.

Халық өнерінің тікелей нұсқаларын жаңғыртудың екі бағытта — белгілі бір қағиданы ұстану және халық шығармашылығындағы технологиялық тәсілдерді зерттеу арқылы іске асқандығы белгілі. Еліміздің мәдениеті үшін дәстүрді сақтаудың маңызы зор. Бүгінгі күнде теріні, сүйекті, ағашты өңдейтін, дәстүрлі қару-жарақ жасайтын халық шеберлері азайып бара жатқандығы рас. Бұл салада ерен еңбегімен дәстүрді жаңғыртқан шебер, зергерлер, қолөнершілер жоқ емес. Олардың есімі халыққа танымал болғандар: Дөркенбай Шоқпарұлы, Мейірхан Әбдірахманов, Аманкүл Иханова, Ғариф Жалмұханов, Рахымбек Бердімбетов, Жәңгір Үмбетов және т.б. “Көкшоқы” деп аталатын Алматыдан жоғары орналасқан тау бөктеріндегі “Шеберлер аулында” біраз жылдардан бері өмір сүріп келе жатқан шебер, ұста, дарқандар халықтық қолөнерді сақтап қана қоймай, оны үлгілі дәстүрге айналдырып, ұлттық өнерді насихаттап келеді. Мұны кейінгі ұрпақ, өнер сүйер қауымның білгені абзал<sup>1</sup>.

Халық өнерін шығармашылықта қолдану мен қайта жасау — бүгінгі суретшілер мен шеберлерге жаңа тыныс, олардың ізденістеріне бастау болып келе жатқандығы да көпшілікке таныс. Көрмелерде Бәтима Зәуірбекова, Иван Брякин, Ирина Ярема, Марат Нартов, Сержан Баширов,

---

<sup>1</sup> Қазақстан сәндік өнері. — Алматы, 2002. 400 бет.

Алтынбек Құмаров, Өмірзақ пен Сайфулла Рыстан, Решат Қожахметовтердің шығармашылықтарынан бұл үдеріс байқалады.

Этнодизайн бағытында халық шығармашылығындағы бұйымның сындарлығы, көркем дизайнның принциптері болып табылатын шығарманың көркемдік тілі мен стиліне технологиялық процестің әсері тәрізді ерекшеліктерді зерттеу мен дамыту көрініс тапқан. Этнодизайн — қазіргі уақытта өткен мен бүгінгіні жалғастырушы қызмет атқарып отырған бағыт болғандықтан өзекті болып саналады. Бұл салада Әлібай мен Сәуле Бапановтар, Ырым Қанафин, Раушан Базарбаева, Сәуле Бөлтiріковалар өнімді еңбек етіп келеді. Бұл авторларда белгілі бір канон немесе бағыттағы стильдермен шектелмегендік, шығармашылықтарында сонылық табылған. Қазақстан өнерінің кескіндеме немесе мүсін саласы аясынан тыс өзіндік тыныс, серпіліс іздеген бұл бағытта гобеленде, киізде, батикте, тері мен ағашта, металда орындалған шығармалар бейнелеу өнерінің бір саласынан өзіндік орын алған.

Бүгінгі күнде Қазақстан сәндік-қолөнері бұрынғы ұмыт болған ата-бабалардан келе жатқан киелі өнердің қырларын жаңғыртып, тұрмысқа қажетті бұйымдардан бастап қару-жараққа дейін бұйымдарды және оны орындау технологиялары сырын қалпына келтірді деуге болады. Архитектоникалық өнер салалары мен бейнелеу өнері, сәндік-дизайн өзінің қайнар көзін дәстүрлі өнерден ала отырып, оны байытып, халыққа қайта ұсынып отыр. Уақыт пен ғасырлар тоғысында үзілмей, қайта жанданып түлеген сәндік-қолданбалы өнердің өзгеше өрнектері осындай көріністерге толы.

Қазақтың дәстүрлі рухани мәдениеті сонау тарих төрінен бері қарай келе жатқан, әсемделіп жасалған керуен деп елестетсек болады. Оның құрамында небір атан түйелерге артылған алып теңді халқымыздың рухани мәдениетінің қорлары келеді. Бір теңдерінде әсемдеткен өнімен, бебеулеткен күйі, шешендік сөздер мен даналықтың бұлақ көздері, қошқар мүйізбен әсемделген ою-өрнекті қолөнері, оның бүкіл өмірлік тұрмыс-салты мен бұйымдары, осы керуен шаңымен бұлдырап, тылсым дүниеге деген көзқарасы әлемдік мәдениет мұраларының арасында маңызды орын алып келеді.



“Өміріңнің өзі — көш, осы көште...” деген қазақтың халық өлеңіндегі тауып айтылған бұл көріністі сөз көшпелі өмір салтын ұстанған халқымыздың адам тіршілігіне, өмір мәніне дәйекті жауап бергендей. Өнер-білім өмірдің сәу-лесі, кең даладағы қазақ жұртының тұрмыс-салтының бей-несі көшпелі өмірінің өзі ақындық-шешендік, ұсталық пен зергерлік шеберлігінің шыңын қайраған, өнердің өркен-деуіне белгілі бір дәрежеде жетекші болған — ол тұғыры биік адам өмірінің мәні. Көшпелі қазақ алты ай жазда жері от, суы мол жайылым қуып, кең сахараны кезіп, көшіп жүріп жер-суының қадір-қасиетін жетік білген жершіл, қоныс іздей жүріп “Жерұйық” тапқан, төрт-түлік малының сырын алған.

Бүкіл өсемдік өлемінің құрылымын жұмбақтап, өмірдің сәні етіп, кісе киімінде, ұстаса зергерлік бұйымында, ою-өрнектеп тұрмысына сыйғызса, сөзі мен ойында оның мағыналы сырын түюі, сонымен қатар, құмай тазы, қыран ұстап, күсбегі саяткер болуы қазақтың табиғатқа жақындығы мен өлемге деген көзқарасының мәнді ерекшелігінде еді. Адамның табиғат өлеміне ұмтылысы мен ондағы өмірі қазақ тұрғысынан пайымдалуы құбылыс ретіндегі мәнді қатынастарды түзеді. “Адамның Жарық Дүниеге деген қатынасы — қазақтың өмбебапты негізге сүйенетін ерекше дәстүрлі рухани мәдениетіндегі Өлемге қарауынан көрініс табады. Қазақтың өлемге көзқарасының аңдау, пайымдауында адам мен өлем қатынасындағы адамның алғашқы бүтіндігі жатыр. “Адам” мен “өлем” деген қатынастарды терең тұжырымдамалы мағынасын қазақ халқы көркем образды түрде: “бұл дүние біртұтас”, яғни, адам мен өлем алғашқылықтан бөлінбейтін біртұтас деп түсінген. Өлемге және өлемнен деген қатынастардың қалыптасуы — пайымдауда қазақтың дәстүрлі өлемге қатынасу мәдениетінде. Атап айтқанда, тағы бір сапалы ерекшелігі танымның әдісі болып табылатын пайымдау — Өлемге жақындауда кең мағынадағы өмірге, болмысқа деген философиялық қатынастың негізінде жатыр — деген тұжырымдар Қ.Ш.Нұрланова еңбектерінде терең зерттелген.

Қазақ киіз үйі биоклиматтық сәулет өнеріне жатады. Оны ХІХ ғасырдың орта шенінде қазақ халқының өдет-ғұрпын, салт-дәстүрі мен фольклорын зерттеген поляктың

жер аударылған ғалымы Бронислав Залесскийдің естеліктерінде қазақ киіз үйінің сол өңірдің табиғаты мен ауа райына бейімділігін, салтанатылығын былай деп суреттеген екен: “Көшпелі қазақтар басқа да мал бағып тіршілік ететін тайпалар сияқты үскірік аяздан, аптапты ыстықтан өздерін қорғайтын, сонымен бірге бір жерден екінші жерге жұрт ауыстырғанда жылдам жинап, тұрғыза қоятын баспана ойлап табуға мәжбүр болған. Бұл талапқа олардың киіз үйлері қалтқысыз сай келеді. Тор көзді етіп жасаған керегелерді дөңгеленте керген соң ортаға күмбез сияқты шаңырақты бақанмен ұстап тұрады да, оған уықтарды шаншып, керегенің басына бекітіп байлайды. Сыртын жүннен — мал жүнінен басқан киіз туырлықтармен жапқан соң қазақтың баспанасы даяр болады. Желі ұйтқып, бораны соққан осынау дала төсін мекендеген жұрттың киіз үйді ойлап тапқан алғашқы сәулетшісі ең алдымен жергілікті жағдайдың ерекшелігін қатты желге орнықтылығын көрсетсе, туырлықтар жаңбырдан кейін тез кебеді. Шаңырақтың төбесінен жабылатын түндіктің жартылай ашық тұруы, бір жағынан, үй ішіне от жаққан кезде түтін шығар мұржаның қызметін атқарса, екіншіден, ол жарық түсер терезе іспетті. Егер күн ысып кеткендей болса немесе жауын-шашында төбедегі түндікті жауып, іш жағынан бақанмен көтереді де, үй-ішіне ала көлеңке сәуле түсіріп қояды. Жұрт ауыстырар мезгіл жеткенде киіз үй қас пен көздің арасында жиналып, үйдің сүйегі мен туырлықтары түйеге артылады. Киіз үйдің үлкендігі, өрине, оның иесінің дәулетіне байланысты, байларының кейбірінің үйінің есік пен төрге дейін жиырма қадамдай ауқымды болатыны болған. Көбіне мұндай үйлерге ақ туырлық жабылып, Шығыс үрдісімен оюланған үзік, басқұрлармен әшекейленеді, ішіне кілем тұтылып, түрлі қару-жарақтар мен күнделікті тіршілікке қажетті заттар керегеге ілінеді. Қазақ сұлтандары мен билерінің үйлері көз тойғысыз көрікті келеді”<sup>2</sup> делінген.

Химиялық өңдеудің ғылыми тәсілі табыла қоймаған кезде халық керегені жосалаудың оңай да қарапайым түрлерін қолданды. Осы тиімді әдіс кереге бояуға да пайдаланылады. Қазақ үйдің керегесін жосамен (қызыл түсті топы-

<sup>2</sup> Бронислав Залесский. Қазақ сахарасына саяхат. — Алматы: Онер, 1991. — 132 бет.

рак) бояйды. Кейбір аймақтарда жосаның көк, сары түстері де ұшырайды. Керегені сырмен бояп, бастарын, көздерінің әр жерін күміспен күштеп те жасайды.



### **Сұрақтар:**

- 1 Ұсынылып отырған оқыту процесінің жаңашылдылығы неге бағытталған?
- 2 Форманың мазмұнын айқындаудағы негізгі жетекші рөлді нелер атқарады?
- 3 “Көркем сәндік-қолданбалы өнер” бағдарламасында қарастырылатын негізгі принциптерді заман талаптарына сәйкестендірудің көкейкестілігі неде?
- 4 Қазіргі заман талабына сай өнер тарихы пәнінде қамтылатын қандай теориялық алғышарттарды атай аласыңдар?
- 5 Дәстүрлі өнерге деген көзқарасты бағытталған позициялық қатынас анықтайтындай қандай өзгерістер бар екен?
- 6 Қазақтың халықтық қолөнерінде мифологиялық сана мен діни дүниетанымдық көзқарастар қалай көрініс тапқан?
- 7 Қазақстанда сәндік қолөнерінің қандай бағыттарын және қандай атақты шеберлерді білесіңдер?
- 8 Қазақтың киіз үйі қандай өнер түріне жатады?
- 9 Киіз үй бөліктерін және оларға қатысты ырымдарды атаңдар.
- 10 Көркем сәндік қолөнері шығармаларына мысал келтіре отырып талдап, өз пікірлеріңді білдіріңдер

## **1.1 СӘНДІК ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕР ЭЛЕМЕНТТЕРІ БОЙЫНША КӨРКЕМ ӨНДЕУ. “АҒАШТЫ КӨРКЕМДЕП ӨНДЕУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ”**


### **1.1.1 Ағашты көркемдеп өңдеу негіздері**

Қазақ дәстүрлі қолөнерінде ағаштан көптеген бұйымдар жасалады. Мысалы, ағаш шеберлері, балташылар, ершілер қайынды, үйеңкіні пайдаланса, үйшілер, ағаш ойып, шыбық өріп тоқушылар талды қолданған. “Балташылар үй борады, еден төсеп, арба, шана, жақтау, қақпа, тіреу сияқты ірі заттарды істейді. Ағаш ұстасы үстел, сөре, орындық, кебеже, асадал т.б. жасайды. Ағаш оюшылар оны жонып күйдіреді де, бояулап өрнектейді. Шыбық өрушілер, тоқушылар қамыстан, шиден қорап, шыпта, орындық, шарбақ сияқты заттарды өреді. Бұл жұмысқа бұтақсыз, оқырасы жоқ, таза ағаш таңдалып алынады”<sup>1</sup>.



Ағаш шеберлері кәсібінің бір көркем көрініс тапқан түрі — сазды аспаптар жасау. Оларды “саз аспапшылары” деп атайды. Қыл қобыздың түрлері, адырна, домбыра, жетіген, дауылпаз, даңғыра тәрізді ағаштан жасалатын сазды аспаптар түрі бар. Белгілі қазақтың этнограф-ғалым шеберлері орындаған бұйымдардан біз бұрынғы ата-бабалар ойнаған сазды аспаптардың қандай болғандығын көріп білеміз. Олар шығармашылық аспаптың шығу тарихынан да сыр шертеді. Мысалы, дауылпаз, қыл қобыздар, адырна, жетіген, сыбызғы тәрізді сазды аспаптар технологиялық жағынан да, кәсіби сазды орындауға болатын сапасы жағынан да жаңғыртылып, қалпына келтірілген. Біз оны “Ықылас атындағы сазды аспаптар мұражайынан” көріп танысып, фольклорлы-этнографиялық ансамбльдерде ойналғанынан тамашалай аламыз.

---

<sup>1</sup> Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. — Алматы: Қазақстан 1995. — 240 бет.




*Қыл қобыздың түрлері: Адырна.*




*Д.Шоқпарұлы. Дауылпаз. Ағаш, тері, металл.*



*Д.Шоқпарұлы. Дабыл.  
Былғары, тері.*




*Домбыра, ұран, дөдеге, жетіген:*



*Бүтін оюлар ойылған домбыра.*

*С.Көкенов. "Қобыз" композиция.  
Мүйіз, сүйек, тас, металл.*



*Тайтұяқ. Тұяқ, былғары, жіп.*

Ер қосу — аттың таулы жерлерде мінуге, аңшылық пен мал шаруашылығы үшін де өте қолайлы көлік екені белгілі. Сондықтан атты міну үшін оның арқасына батпайтын, жүрісіне бөгет болмайтын, мінген адамға жайлы ер-тоқым керек. Дұрыс жасалмаған ер атты жауыр етіп, мінген адамды шаршатады. Ұлы Абай:

“Ер қосқанға ұсайды сөз сөйлемек,  
Қиыстырып қиыннан айтсам демек.  
Атқа жайлы, мінуге және ыңғайлы,  
Алды-арты бірден келсін дөп-дөңгелек”, —

дегенде ер қосу өнерінің аса қиын да, қажетті өнер екенін үлгі етті.

Ерге өте жақсы ағашты қолданады. Мұндай ағаш қайыңның, үйеңкінің, қара мойылдың түбірінен немесе сол ағаштардың жуан ортасынан алынып, мұқият кептіріледі. Содан кейін оны қосуға кіріседі. Ер қосу деп ердің бөлшектерін жонып, қиюластырып қосуды айтады.

Ердің “қазақ ері”, “қоқан ері”, “құранды ер”, “ашамай ер”, “қазық бас ер”, “орыс ері” деп аталатын түрлері бар. Қоқан ерін көбінесе әйелдер мен қарттар пайдаланады. Оның арты жалпақ, отыруға өте жайлы, бірақ атқа ауыр. Орыс ерін киізбен қалындап, былғарымен қаптайды немесе темірден, алюминийден, ағаштан жасайды. Ашамай ердің алды-арты биік сүйемелі келіп, мұны көбінесе жас балалар мінеді. Ердің жасалу үлгісіне қарай “арғын ері”, “найман ері”, “дулат ері”, “мұрын ері” деп аталатын түрлері де бар. Ердің күміспен сәнделгенін “күміс ер” деп атайды.

Ердің алдыңғы қасы, артқы қасы, екі қаптал ағашы, белдік ағашы (бел ағаш) деген бөлшектері бар. Алдыңғы қас артқы қастан гөрі биік, алқымы көтеріңкі, бет жағы әдемленген, сыртына қарай аздап томпақтау болып келеді.

Артқы қастың алқымы тайыз, қуысы ендірек, алдыңғы қасқа қарағанда жатағандау, үсті жалпақтау. Ердің қапталы аттың қапталдығына сай, орта тұсы жатыңқы, екі басы жоғары көтеріле аттың шоқтық шұңқыры мен сауырына бейім болып келеді. Бел ағаш-ердің екі қасының аралығына дәл келіп, еңкіштелген жұқа ағаш. Мұның екі басы қаптал ағашқа бекітіледі.


Бөлшектерді өзірлеген соң, екі қаптал ағашты жарыстыра салып, әуелі алдыңғы қасты, содан кейін артқы қасты қондырады. Бел ағашты қаптал ағашқа ырып немесе ағаш шегемен шегелеп ұстатады.

Күмістелетін ердің өшекейлеу ісін ерді қоспай тұрып жасайды. Қаптал ағаштардың алдыңғы жағына таман, орта шетінен таралғы өткізетін тесік қашайды. Екі басының екі жағын шеттік өткізу үшін теседі. Қанжыға тесіктерінің қасынан тағы әнжімеге арнап, тесік теседі.


Кейде өнжіменің, таралғы тесігінің орнына доға, шығыр орнатады да, өмілдірік, құйысқан, таралғыны соған өткізіп қояды.

Сән-салтанат үшін атқа күміс ер-тұрман салады. Бәйгеге, ұзақ жолға, көкпар мен аударыспақ үшін күміс ерді ерттемейді, өйткені ол атқа ауыр келеді.

Қазақ арасында күміс ердің екі түрі бар. Оның бірі жаппай күміс ер, екіншісі күмістелген ер деп аталады. Жаппай күміс ердің алдыңғы және артқы қастары түгелдей



*Мүйізделген ер түрі*



*Ұста Дөркенбай шебердің жасаған құранды ері*